

## ИСЛАМ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ӘЛЕМДІК ҒЫЛЫМҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Масығұтқызы Гүлсезім

[gulsezim290907@icloud.com](mailto:gulsezim290907@icloud.com)

«Дінтану» білім бағдарламасының 1 курс студенті

Х.Досмұхаменов атындағы Атырау университеті, Атырау қ. Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, филос.ғ.д. профессор-Бекежан Ө.Қ.

Қазақстан Республикасындағы конфессияаралық келісім қағидасы еліміздегі ұлтаралық келісім саясатымен ұштасып жатқан елдің қазірі мен болашағы үшін аса маңызды парадигма болып табылады. Еліміздегі 2025 жылғы қазанындағы діни бірлестіктерді қайта тіркеуден өткізу нәтижесі бойынша елімізде 18 конфессияны құрайтын 3900 діни бірлестік пен олардың филиалдары бар деп есептеледі. Соның ішінде православие шіркеуі, көптеген протестанттық шіркеулер, католиктер, Буддизм діні мен әртүрлі ағымдар бар. Осының өзі біздің еліміздің әлемдегі көпконфессиялы елдердің қатарына жататынын көрсетеді. Бірақ бұл діни бірлестіктер мен ұйымдарды біріктіретін ортақ мүдде мен құндылықтар да бар. Олардың негізін көп ұлтты Қазақстан Республикасының саяси тұтастығы мен ұлтаралық келісім, қазақстандық патриотизм идеялары құрайды. Еліміздің осы ұстанымына қайшы келетін идеялардың, қағидалардың бәріне ұлтаралық және дінаралық келісім арқылы қарсы тұруға болады. Себебі, тұрақтылық пен келісім, бейбітшілік бар жерде ғана діндер немесе діни бірлестіктер еркін дами алады. Соңғы жылдары еліміздің діни бірлестіктері ортақ қауіп- діни экстремизме қарсы ынтымақтасу үстінде. Сонымен қатар әртүрлі діннің өкілдерін еліміздің азаматтығы, қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдай, туып-өскен жер сезімі, қазақ халқының дархан көңілі сияқты адами факторлар да біріктіреді. Әрине, қазақ тілі шын мәнінде елімізде тұрып жатқан ұлттарды біріктіретін ұлтаралық қатынас тіліне айналса өте ұтымды болар еді. Конфессияаралық қатынастың қазақстандық моделінің жалпы адамзаттық, құқықтық негіздері де бар. Олар: азаматтардың саяси, жеке бас құқығының сақталуына мемлекеттің кепіл беруі, жалпы адамзаттық құндылықтардың мойындалуы мен сақталуы, ұлтыны, дініне қарамастан азаматтардың тең құқықтығы, Қазақстан халқының ассамблеясы сияқты ұйымның құрылуы мен жұмыс жасауы да дінаралық келісімнің сақталуына игі ықпалын тигізіп келеді.

Тарихи тұрғыдан алғанда қазақстанның ежелден көп дінді, көп ұлтты ел ретінде мол тәжірибесі бар екенін айта кеткенге жөн. Қазақ жерінде ежелгі діндердің ізі қалғанын археологиялық жәдігерлерден байқасақ, Талас бойында тасқа салынған Будданың суреті, ежелгі ғибадатхананың орны ең ежелгі әлемдік дінді ұстанған адамдар мәдениетінен хабар береді.

Конфессияаралық келісім бірнеше факторлар арқылы іске асатын, өте нәзік құбылыс. Дінаралық өзара бейбіт және толеранттық қатынас ұлтаралық араласу және мәдени коммуникация ықпалы арқылы іске асады. Бұл үздіксіз жалғасып жатқан дінаралық-ұлтаралық-мәдени диалог түрінде көрінеді. Дінаралық келісімнің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының конституциясынан бастау алады. Әрбір адам өзі қалаған дінді ұстауға құқылы, егер оның ұстаған бағыты конституциялық құрылым мен адамдардың өміріне қауіп төндірмесе діни көзқарасы үшін ешкім қудаланбайды. Сонымен қатар бір дінді басқа діннен жоғары қойып, оған ерекше немесе абсолюттік жағдай жасауға да болмайды, бірақ елімізде негізгі саналатын екі конфессия бар, олар: ислам және христиан діні, оның өзі еліміздің тарихи қалыптасқан мәдени-әлеуметтік, діни құрылымдық ерекшелігіне сәйкес келеді. Сонымен қатар елімізде діни негіздегі саяси партия құруға тиым салынуы да дінаралық келісімді сақтаудың алғышарты болып табылады. 2011 жылы 11 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы да еліміздегі діни бірлестіктердің тең құқылы және заңның аясында өздерінің

діни қызметін еркін атқаруына мүмкіндік береді. Бұл заң діни ұйымдардың мемлекет алдындағы құқықтық жауапкершілігін сақтай отырып өздерінің жалпы адами және азаматтық құқықтарын жүзеге асыруына мүмкіндік жасайды. Дінаралық келісім мен толеранттылықты сақтаудың маңызды жолы білім мен ақпарат тарату екені белгілі, қазіргі жаһандану жағдайында ақпарат алу қиын емес, мәселе ол ақпараттың жүйелі түрде берілуі болып табылады. Сондықтан жалпы әлемдегі діндер тарихымен таныстыру, діннің әлемдік өркениет астарындағы дамуы мен қазіргі заманғы жағдайымен талдай отырып жеткізу арқылы діндердің қатынасына толеранттық көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік бар. Біз ислам дінін тек діни ұғым-түсінік, салт-жоралар жиынтығы қана емес, оны жалпы әлемдік үлкен өркениет, христиан, будда діндерімен қатар адамзатқа кең тараған әлемдік дін ретінде қабылдасақ ислам дінін ұғынудың аясы кеңиді, оның маңызы арта түседі, тереңдігі айқындалады. Ал егер дінді салт-сана, киім, дәстүр және басқа да атрибутика деңгейінде түсініп, оны жеке ағымдар тұрғысында қабылдаумен шектелсек, біз ислам дінінің өркениеттік ұлы рөлі мен маңызын таяз түсінген болып шығамыз. Мысалы, төмендегі азғана тарихи-мәдени шолудан ислам мәдениетінің адамзат тарихындағы рухани рөлін көреміз.

Ислам дінін «ислам өркениеті», «ислам мәдениеті» ұғымдарының контекстінде қарастырған кезде біз сыртқы атрибуттарға, арзанқол көзқарастарға негізделген қайшылықтардың бұл діннің мәйегі еместігін ұғамыз. Біз ислам өркениетінің әлемдік адамзат өркениетіндегі алатын орны, ислам мәдениетінің интеллектуальдық жетістігі, адамзат ақыл-ойының дамуына қосқан үлесі жайында тұжырым жасаған жағдайда оны шынайы мақтанш қылатын, мұсылман адамның мерейін өсіретін фактілер мен рухани құндылықтарды көреміз. Себебі, ислам өркениеті мен интеллектуальдық жетістігінің адамзаттың рухани дамуына қосқан үлесі зор және оның басқа мәдениеттермен байланысы, синтезі нәтижесінде жалпы адамзаттық өркениет қалыптасты. Ислам мәдениетінің әлемдік өркениетке қосқан үлесі жайлы айтқан кезде негізінен орта ғасырлық «ислам ренессансы» деп аталатын кез қаралады. Ислам мәдениетінің алтын ғасыры (шамамен VIII–XII ғғ.) — ғылым, өнер, әдебиет және философияның гүлденген, Бағдад пен Кордова сияқты орталықтарда білім мен мәдениет өркендеген тарихи кезең. Бұл уақытта антикалық мұралар зерттеліп, астрономия, медицина, математика (алгебра) дамыды, кітапханалар көбейді, бұл өз кезегінде Еуропаның Қайта өрлеу дәуіріне негіз болды.

Сол кездегі атақты білім орталықтары: Бағдадтағы «Даналық үйі» (Байт әл-Хикма), Кордова, Қайруан, Нишапур сияқты қалаларда ірі кітапханалар мен медреселер жұмыс істеді. Мәдениет пен өнер: Сәулет өнері (мешіттер), каллиграфия, миниатюра, әдебиет және философия (ибн Рушд) жоғары деңгейге көтерілді. Аудару ісі: Грек, үнді, парсы тілдеріндегі ғылыми еңбектер араб тіліне аударылып, ғылыми айналымға түсті.

Бұл кезең ислам әлемінің саяси және экономикалық тұрғыдан өрлеуімен, сондай-ақ білімге деген құштарлықтың жоғары болуымен сипатталады. Ислам өркениетінің алғашқы нышандары VVII ғасырдың басында Хиджаз арабтарының арасында қалыптаса бастады. Оның басты себептеріне Арабстан түбегінде көшпелі және қалалық мәдениеттердің жаңа рухани негізде біріге бастауы, ежелгі тайпалық діндердің тоқырауы және жалпыарабтық этникалық сананың пайда болуы жатады. Мұхаммед пайға мбар мен одан кейінгі төрт халифа Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли Әбу Тәліб билігі дәуірі және Омейя әулеті, Аббас әулеті биліктері дәуірінде солтүстікте Еділ өзенінен оңтүстікте Мадагаскарға және шығыста Қытайдан, батыста Францияның оңтүстігіне дейінгі кең аумақта таралған және олармен көршілес аймақтарға да әсерін тигізген ислам діні ықпалымен адамзат өркениетінің өзіндік ерекшелігі бар бір түрі қалыптасты. Ислам өркениетінде араб тілі мен араб жазуы алдыңғы орынға шығып, негізгі ғылым тілі мен мәдениет құралы қызметін атқарды. Орта ғасырлардағы ислам ғалымдары медицина, астрономия, химия, физика, математика, мәдениет, мантиқ (логика), әдеп, философия салаларында көптеген ғылыми жаңалықтар ашып, айтарлықтай табыстарға жетті. Олар ежелгі Грекия, Рим, Ежел

гі Шығыс өркениеттері жетістіктерін дамыта отырып, жаңа дәуірдегі батыс мәдениетінің қалыптасуына негіз қалады. Аса көрнекті түркі ғалымдары Әбу насыр әлФараби, Қожа Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани, т.б. ғұламалар өз еңбектері арқылы Ислам өркениетін үлкен үлес қосты. Орта ғасырлардағы араб-мұсылман ғалымдары (VIII-XV ғғ.) математика, медицина, астрономия және химия салаларында төңкеріс жасап, антикалық білімді сақтап, дамыту арқылы адамзат өркениетіне зор үлес қосты. Олар алгебраның негізін қалап, ауруханалар жүйесін құрды және Еуропаның Қайта өрлеу дәуіріне негіз болған философиялық еңбектер жазды.

Араб ғалымдарының әлемдік ғылымға қосқан негізгі үлестері:

Математика: Әл-Хорезми алгебра ғылымының негізін қалап, «алгоритм» ұғымын енгізді және үнді цифрларын (қазіргі араб цифрлары) енгізу арқылы есептеу жүйесін жеңілдетті.

Медицина: Ибн Сина (Авиценна) «Медицина канондары» атты энциклопедиялық еңбегімен ғасырлар бойы еуропалық медицинаның негізгі оқулығын жасады. Әл-Рази жұқпалы ауруларды (шешек) анықтап, диагностика жасады.

Химия: Жәбир ибн Хайян тәжірибелік химияның (алхимия) негізін қалап, дистилляция, кристаллдандыру, тотығу процестерін ашты.

Астрономия: Жұлдыздардың картасын жасап, астролябияны жетілдірді, жердің көлемін дәл өлшеді.

Бұл ғалымдардың еңбектері араб тілінде жазылып, Бағдат, Кордова, Қайыр сияқты орталықтарда ғылымның өркендеуіне жағдай жасады.

Ислам мәдениетінің әлемдік өркениетке қосқан үлкен үлесі философия(фәлсафа) болды. Араб-мұсылман философиясы - Орта ғасырда мұсылман дінін қабылдап, араб тілін қолданған Шығыс халықтары ойшылдарының философия ілімдерінің жүйесі. Араб философиясы шығу тарихы мутазилиттер («ерекшеленушілер») қызметімен байланысты. IX ғасырда арабтар антикалық дәуірдегі жаратылыстану және философия ілімдеріне қатысты мұраларымен кеңінен таныса бастайды. Басты назарда Аристотель философиясы болды. Араб философиясы кейде мұсылман философиясы немесе араб тіліндегі философия деп те аталды. Себебі бұл ұғымға арабтардан өзге парсы, түркі, тағы басқа халықтар өкілдерінің философиялық көзқарастары да енеді. Мысалы: түркі жұртының ғұламасы Әбу Насыр әл-Фараби, парсылық Әбу Әлгі ибн Сина - оқулықтарда «Араб философтары» болып аталады. Сондықтан бұлардың бәрінің басын қосып айтқанда «Араб философиясы» деуден гөрі, «Араб тіліндегі философия» деген шындыққа сыйымды. Осы тұрғыдан қарастырсақ, X - XIII ғ-ларда араб тіліндегі философияның мынадай бағыттары болған: 1) Шығыс перипатетизмі; 2) «Таза ағайындар» ілімі; 3) Сопылық ілім; 4) Мұсылман философиясы; Шығыс перипатетизмі - Аристотель еңбектерін насихаттау талқылау жасаған философиялық мектеп. Мұның басында әл-Кинди (IX ғ.), әл-Фараби, ибн Сина, ибн Бадж, ибн Туфейль және ибн Рушд (Аверроэс) тұр. «Таза ағайындар» ілімі - оқу жүйесіне арнал жазылған 51 томдық энциклопедиялық еңбекте жинақталған. Араб философиясының тарихи кезеңдері немесе оның орталықтары өзгеріп тұрған. IX - X ғ-да араб философиясы орталығы Халифатта болса, саяси себептерге байланысты X - XI ғ-да ол Орта Азия мен Иранға ауысқан. Бұхара, Самарқанд, Мере, Нишапур, Исфahan, Рей, Хамадан, Отырар сияқты қалаларда ғылым, білім өріс алды. Араб философиясының үшінші орталығы мұсылмандық Батысқа (Испанияға) ауысты. Осыдан әрі қарай араб философиясы тұтастығынан айырылыс ұлттық сипаттарға ие бола бастады. Бұл тұста тек Мағриб ойшылы Абд әр-Рахман Әбу Зейд ибн Халдун (1332 - 1406) есімін ғана атаймыз. [3,28].

Белгілі зерттеуші А.Х. Зарринкуб ислам мәдениетіне басқа да әлемдегі мәдениеттердің әсер еткенін айтады: «Бұл дамыған мәдениеттің құрамы кең болды, оның ішінде иран, еврей, индия, түрік, тіпті қытай мәдениетінің үлесі бар. [1,28]. Бірақ сонымен қатар ол бұл мәдениеттің исламдық синтездік сипатына назар аударады. «..бірақ өзінің мәні жағынан ол арабтікі де индиялық та, түріктік , ирандық та болған жоқ. Ол исламдық болды, әрі сонымен қатар аталған мәдениеттердің бәрінің қосындысы болған еді..» [1,31]. Осы

автордың өзі исламның діни жағынан көрі оның өркениеттің жағына баса назар аударады: «Ақиқатында ислам, әлемдік мәдениет көп жағынан борышкер болған ұлы мәдениеттің бастауы болды. [1,33]. А.Х. Зарринкуб өз кітабында ислам мәдениетінің мына ерекшеліктерін баса көрсетеді: оның толеранттылығы, ислам өркениеті гуманистік мәдениеттің қайнар көзі ретінде, ислам мәдениетіндегі ғылымның жоғарғы орны, ислам мәдениетіндегі ғылымның бағыттары.

Осы мәселе жөнінде Ғ.Есім араб жазушысы Әбу Хайян ат-Таухиди пікірін келтіреді: «Бас – аяғы үш-ақ ғасыр аралығында араб (дәлірек айтқанда араб-мұсылман) мәдениеті өзінің гүлдену шыңына жетті. Бұған екі түрлі жағдай себеп болды. Біріншіден, бұл мәдениетті жасауға арабтар ғана емес, ислам шеңберімен қамтылған басқа халықтар да қатысты. Екіншіден, Халифат мәдениеті басқа дәстүрлердің көптеген озық үлгілерін өз қажетіне сай екшеп...бойына сіңіре білді» [2,33]. Мұсылман араб ғалымдарының ғылымдағы орны мен жетістіктері жөнінде кезінде Еуропа ғалымдары да көп айтқан. Мысалға алсақ И. Г. Гердер: «Арабтар болмаса, Гердер де, Альберт Великий де, Вилла Новалық Арнольд те, Роджер Бэко да, Луллия Раймунд та болмас еді. Олардың бәрі Испанияда арабтардан оқыды немесе солардың шығармаларын оқыды. Тіптен Фридрих II нің өзі араб кітаптарын аударуға қамқор болып, ғылымдарының жандануына жағдай жасады» деп жазып қалдырса, Роберт Брифаулт «The Making of Hummanity» атты кітабында мынаны келтіреді: «Еуропаның жетістікке жеткен әрбір саласында міндетті түрде Ислам мәдениеті маңызды рөл атқарған. Тигізген пайдасы мен әсері шаш- етекпен» [4,28].

Енді А.Х. Зарринкуб айтқан ислам мәдениетінің жоғарыдағы толеранттық сипатына біраз тоқталып өтсек. Бәрімізге белгілі толеранттық сөзі «төзімділік» деген мағына береді. Оның пікірінше мұсылмандардың толеранттығы бірнеше жағынан көрінеді, біріншіден, басқа діннің өкілдеріне (христиандар мен иудейлер) дұрыс қатынас, ол діннің өкілдері басшылық, кейде мемлекеттік лауазымда қызметтер атқарған, екіншіден, пұтқа табынушыларға деген төзімді көзқарас, үшіншіден, ислам діні ішіндегі әртүрлі ағымдардың арасындағы мүмкіндігінше өзара бейбіт қарым-қатынас. Осылайша оның еңбегінде ислам мәдениетінің гуманистік табиғатына қатысты көптеген уәж келтіріледі. Ислам мәдениеті – бұл көптеген ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті, өнері, әдебиеті мен тілі, дәстүрі белгілі бір құндылықтарға негізделген, ортақ діни ұғымдарға сүйенген әлемдік мәдениеттің бірі. Сонымен бірге ортағасырлық араб мәдениеті ғылымның да сол кездегі орталығы болды. Әсіресе олар нақты ғылымдардың дамуына зор үлес қосты. Әл-Хорезмидің математика бойынша еңбегі төрт ғасыр бойы Европада оқу құралы болған. Мұхаммед ал-Баттани жаңа астрономиялық таблицалар құрастырған астроном ретінде белгілі. Ибн ал-Хайсам оптика саласына жаңалықтар енгізді. Ибн Юлас тригонометрия бойынша көп жетістіктерге жеткен, ай және күн тұтылуын бақылау таблицасын жасаған ғалым. Ал Ибн Синаның «дәрігерлік ғылымның каноны» еңбегі көп ғасыр бойы дәрігерлердің негізгі оқулығы болып келді. Олардан басқа Омар Хайям. Ибн Рушд, Әл Фараби есімдері ғылымның әр саласы бойынша әлемге аян. Бірақ осының бәрі саяси қайшылықтар мен діни көзқарастар күресі нәтижесінде тоқтады, ғалым-ойшылдар орнына бір жақты, тек діни қағидаттарға сүйенген дінбасылар пайда болды. Ислам әлемінің ғылыми, мәдени дамуы тоқырауға ұшырады. Ендігі мақсат та осы ислам дінінің ғылыми, интеллектуалдық әлеуетін көтеру, ол үшін мұсылман адам тек өз дінінің аясында қалып қоймай жалпы ғылым мен мәдениетті игерген заманауи білімді адам болуы тиісті. Ол дін жолындағы жастарды да мәдени, діни толеранттылыққа, полимәдени, көптілдік кеңістікте өмір сүруге үйрететін маңызды фактор болатыны сөзсіз. Жоғарыда келтірілген азғана мысалдан біз татулық пен мәдениет аралық келісімнің ислам дінінің іргетасы, ғасырлар бойы бірге келе жатқан қасиеттерінің бірі екенін көреміз.

Қазақстанда әрбір төрт жыл сайын өтетін Әлемдік және дәстүрлі дінбасылар съезіне қатысушылар жаһандану жағдайында әлемдегі бейбітшілік пен келісімді сақтаудың маңызын ең басты проблема деп санайды. Әлемде саяси, ұлт аралық және дін аралық қақтығыстардың күшеюі әлемдік діндерге үлкен міндет жүктейді, себебі, діни жүйелердің мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан рухани, гуманистік, имандылық тәжірибесі қазіргі

мәдениет пен саясат үшін аса қажет болып табылады. Ол үшін әуелі әлемдегі конфессиялардың өзара ынтымағы мен келісімі қажет екені сөзсіз, міне Қазақстан Республикасындағы осы бағыттағы мемлекеттік саясат еліміздегі және әлемдегі гуманизм ұстанымдарына толықтай жауап береді.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

- 1.Зарринкуб А.Х. Исламская цивилизация.- М.: «Андалус», 2004. – 237с.
- 2.Есім Ғ.Қазақ философиясының тарихы: Оқулық.Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 216 б.
- 3.Ислам және ғылым. – Алматы: «Көкжиек» баспасы, 2014. – 172 бет.
- 4.<https://ummet.kz/makalalar/350-dyn-jane-gylym/14422-musylman-galymdarynyn-gylym-tarikhyndagy-orny.html>